



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2022 жылғы 29 наурыз  
№ 192

**2022-2023 оқу жылында  
білім беру ұйымдарына 1-сыныпқа  
оқушыларды қабылдау туралы**

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы, «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдары 1-сыныпқа құжаттарды қабылдауды ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуірінен бастап 1 тамызына дейін жүзеге асырсын.

2. Білім беру ұйымдарының басшылары дайындық деңгейіне қарамастан аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. 1-сыныпқа қабылдау "электрондық үкімет" веб-порталы және білім беру ұйымдары арқылы қағаз түрінде жүзеге асырылсын.

4. Әр білім беру ұйымында 1-сыныпқа қабылдау бойынша қабылдау комиссиясы құрылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім басқармасы басшысының орынбасары М. Қайрбаеваға жүктелсін.

**Басшы**

**Қ. Сенғазиев**